ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ

**Астана қаласы** **2025 жылғы тамыз**

## Баспасөз хабарламасы

ҚР ОАМ Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің тапсырмасы бойынша «Менің Отаныма – менің бастамам» шығармашылық жобалардың республикалық байқауын 2025 жылғы 04-22 тамыз аралығында қашықтық форматында ұйымдастырып өткізеді.

Дарынды балаларды анықтауға және қолдауға бағытталған балалар мен жастардың бастамаларын дамытуға ықпал ету Байқаудың мақсаты болып табылады.

Оқушылардың жобалық қызметі – бұл танымдық, оқу, зерттеу және шығармашылық қызмет, нәтижесінде жоба түрінде ұсынылған мәселенің шешімі пайда болады. Оқушы үшін жоба – өзінің шығармашылық әлеуетін барынша ашу мүмкіндігі.

Бұл жеке өзін немесе топта көрсетуге, өз күшін сынап көруге, білімін қолдануға, пайда әкелуге, көпшілік алдында қол жеткізген нәтижені көрсетуге мүмкіндік беретін әрекет. Бұл оқушылардың өздері тұжырымдаған қызықты мәселені шешуге бағытталған әрекет.

Бұл жұмыстың нәтижесі – мәселені шешудің табылған әдісі – практикалық сипатта және оқушылардың өздері үшін маңызды.

Байқаудың өңірлік кезеңдеріне өз жобаларымен 72 167 оқушы қатысты. Байқаудың республикалық кезеңіне облыстық, (Астана, Алматы және Шымкент) қалалық кезеңдердің 160 жеңімпаздары қатысады.

Байқауға қатысушылар «Жақсылық керуені», «Отаным – қасиетті туған жерім», «Мен – Қазақстанның азаматымын», «Менің ашық университеттерім», «Қазақстанның жеті кереметі», «Қазақстанның 100 жаңа есімі», «Жаңғырту полюсі», «Менің отбасым: сабақтастық, құндылықтар мен мағыналар» номинациялары бойынша әлеуметтік және шығармашылық жобалар ұсынатын болады.

Балалардың шығармашылық жобалар байқауына қатысуы өмірлік жағдайларды шешу арқылы өздерін тексеруге мүмкіндік береді, өзін-өзі анықтауға, азаматтық сана мен белсенділікті дамытуға және қалыптастыруға ықпал етеді.

Байқау балалар мен жастардың азаматтық жауапкершілігін қалыптастыруға, олардың рухани және шығармашылық әлеуетін дамытуға, зерттеу жұмысының мәдениетін тәрбиелеуге, білім алушыларды жобалық және өзге де зияткерлік-шығармашылық қызметке кеңінен тартуға бағытталған.

Байқау қорытындысы бойынша жеңімпаздар дипломдар мен сыйлықтар, жеңімпаздардың жетекшілері – алғыс хаттар, барлық қатысушылар - сертификаттар алатын болады.

Қосымша ақпарат алу үшін мына телефонға хабарласуға болады: E-mail: parlamenty.rumsdo@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ

**город Астана** **август 2025 года**

**Пресс-релиз**

Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования МП РК по заданию Министерства просвещения РК проводит Республиканский конкурс творческих проектов «Моя инициатива – моей Родине» 04-22 августа 2025 года в дистанционном формате.

Целью данного Конкурса является содействие развитию детских и молодежных инициатив, направленных на выявление и поддержку талантливых детей.

Проектная деятельность школьников – это познавательная, учебная, исследовательская и творческая деятельность, в результате которой появляется решение задачи, которое представлено в виде проекта. Для ученика проект – это возможность максимального раскрытия своего творческого потенциала.

Это деятельность, которая позволяет проявить себя индивидуально или в группе, попробовать свои силы, приложить свои знания, принести пользу, показать публично достигнутый результат. Это деятельность, направленная на решение интересной проблемы, сформулированной самими учащимися.

Результат этой деятельности – найденный способ решения проблемы – носит практический характер и значим для самих открывателей.

В региональных этапах Конкурса приняли участие 72 167 школьников. 160 победителей областных, городских (Астана, Алматы и Шымкент) этапов Конкурса примут участие в республиканском этапе.

Участники Конкурса представляют социальные и творческие проекты в номинациях: «Караван добра», «Отаным – қасиетті туған жерім», «Я - гражданин Казахстана», «Мои открытые университеты», «Семь чудес Казахстана», «100 новых лиц Казахстана», «Полюс возрождения», «Моя семья: преемственность, ценности и смыслы».

Участие ребят в Конкурсе творческих проектов позволит проверить себя через решение жизненных ситуаций, способствует самоопределению, выработке и формированию гражданской сознательности и активности.

Конкурс направлен на формирование гражданской ответственности детей и молодежи, развитие их духовного и творческого потенциала, воспитание культуры исследовательской работы, широкое вовлечение обучающихся в проектную и иную интеллектуально-творческую деятельность.

По итогам Конкурса победители получат дипломы и призы, руководители победителей - благодарственные письма, все участники - сертификаты.

За дополнительной информацией обращаться по телефону: e-mail: parlamenty.rumsdo@mail.ru